

Шолпан Жандосова¹, Лаура Тоқтарбекова^{*2}

¹ ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының
бас ғылыми қызметкері, PhD, қауымдастырылған профессор

e-mail: sholpan_zhandosova@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-6151-3788>

^{*2} ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD

e-mail: lauratoktarbekova@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0003-4063-8255>

(Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ФЕМИНИЗМІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ МАҢЫЗЫ

Андатпа. Бұл ғылыми мақала Қазақстандағы ислам феминизмінің әлеуметтік, мәдени және рухани қырларын жан-жақты зерттеуге арналған. Зерттеудің өзектілігі қазіргі қазақстандық қоғамда діни сәйкестілік пен гендерлік теңдік мәселелерінің өзара байланысын түсінудің маңыздылығымен анықталады. Мақаланың негізгі мақсаты – қазақстандық мұсылман әйелдердің қазіргі қоғамдағы орны мен рөлін, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кешенді талдау. Бұл зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі жалпы ғылыми, арнайы және теориялық-методологиялық тәсілдердің кешенді қолданылуына негізделген. Жалпы ғылыми әдістер ретінде диалектикалық, жүйелік талдау және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылып, олар ислам феминизмінің қазақстандық қоғамдағы даму заңдылықтарын, әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі ерекшеліктерін және қалыптасу кезеңдерін зерттеуге мүмкіндік берді. Арнайы әдістер қатарында қолданылған дискурс-талдау және феноменологиялық әдістер ислам феминизмі туралы қоғамдық пікірталастарды зерттеуге және мұсылман әйелдердің діни тәжірибесін терең түсінуге бағытталды. Мақалада ислам феминизмінің теориялық-методологиялық негіздері қарастырылып, оның қазақстандық контекстегі ерекшеліктері анықталды. Зерттеу барысында ислам феминизмінің қазақ қоғамындағы даму заңдылықтары, оның дәстүрлі діни құндылықтармен үйлесімділігі және заманауи әлеуметтік өзгерістерге әсері жан-жақты талданды. Мақалада ислам феминизмінің қазақстандық моделі, оның дәстүрлі ислам құндылықтары мен қазіргі заманғы феминистік идеялардың синтезі ретінде қалыптасу ерекшеліктері сипатталады. Мақалада ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылар гендерлік теңдік мәселелерін зерттеуде, әлеуметтік

саясатты қалыптастыруда және діни-мәдени зерттеулерде практикалық маңызға ие.

Түйін сөздер: Қазақстан, ислам феминизмі, әйелдер құқықтары, діни-саяси ағым, әлеуметтік өзгерістер, рухани-мәдени мәртебе.

Шолпан Жандосова, Лаура Токтарбекова
СОЦИАЛЬНОЕ, КУЛЬТУРНОЕ И ДУХОВНОЕ ЗНАЧЕНИЕ
ИСЛАМСКОГО ФЕМИНИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Данная научная статья посвящена всестороннему исследованию социальных, культурных и духовных аспектов исламского феминизма в Казахстане. Актуальность исследования определяется важностью понимания взаимосвязи религиозной идентичности и гендерного равенства в современном казахстанском обществе. Основная цель статьи – комплексный анализ положения и роли мусульманских женщин в современном обществе Казахстана, их прав и возможностей. Методологическая основа данного исследования базируется на комплексном применении общенаучных, специальных и теоретико-методологических подходов. В качестве общенаучных методов использовались диалектический, системный анализ и сравнительно-исторический методы, которые позволили исследовать закономерности развития исламского феминизма в казахстанском обществе, его особенности как социально-культурного явления и этапы становления. Среди специальных методов применялись дискурс-анализ и феноменологический метод, направленные на изучение общественных дискуссий об исламском феминизме и глубокое понимание религиозного опыта мусульманских женщин. В статье рассматриваются теоретико-методологические основы исламского феминизма и определяются его особенности в казахстанском контексте. В ходе исследования были всесторонне проанализированы закономерности развития исламского феминизма в казахском обществе, его совместимость с традиционными религиозными ценностями и влияние на современные социальные изменения. В статье описывается казахстанская модель исламского феминизма, особенности её формирования как синтеза традиционных исламских ценностей и современных феминистских идей. Представленные в статье выводы и заключения имеют практическое значение в исследовании вопросов гендерного равенства, формировании социальной политики и религиозно-культурных исследованиях.

Ключевые слова: *Казахстан, исламский феминизм, права женщин, религиозно-политическое течение, социальные изменения, духовно-культурный статус*

Sholpan Zhandossova, Laura Toktarbekova
SOCIAL, CULTURAL AND SPIRITUAL SIGNIFICANCE OF
ISLAMIC FEMINISM IN KAZAKHSTAN

Abstract. This scientific article is devoted to a comprehensive study of the social, cultural and spiritual aspects of Islamic feminism in Kazakhstan. The relevance of the research is determined by the importance of understanding the relationship between religious identity and gender equality in modern Kazakh society. The main purpose of the article is a comprehensive analysis of the position and role of Muslim women in the modern society of Kazakhstan, their rights and opportunities. The methodological basis of this research is based on the integrated application of general scientific, special and theoretical-methodological approaches. Dialectical, systematic analysis and comparative historical methods were used as general scientific methods, which allowed us to study the patterns of development of Islamic feminism in Kazakh society, its features as a socio-cultural phenomenon and the stages of its formation. Among the special methods used were discourse analysis and the phenomenological method, aimed at studying public discussions about Islamic feminism and a deep understanding of the religious experience of Muslim women. The article examines the theoretical and methodological foundations of Islamic feminism and defines its features in the Kazakh context. The study comprehensively analyzed the patterns of development of Islamic feminism in Kazakh society, its compatibility with traditional religious values and its impact on modern social changes. The article describes the Kazakh model of Islamic feminism, the features of its formation as a synthesis of traditional Islamic values and modern feminist ideas. The conclusions and conclusions presented in the article are of practical importance in the study of gender equality issues, the formation of social policy and religious and cultural research.

Keywords: *Kazakhstan, Islamic Feminism, Women's Rights, Religious And Political Movements, Social Changes, Spiritual and Cultural Status.*

Кіріспе

Қазақстандағы ислам феминизмінің ерекшеліктері мен даму үдерістерін зерделеу қазіргі заманғы ислам зерттеулерінің маңызды бағыттарының бірі. Өйткені ислам әйелдерінің құқықтары, оларға қатысты қалыптасқан стереотиптер мен әлеуметтік-мәдени сынаулар қоғамдық-саяси өмірдегі өзекті мәселе. Бұл тақырып қазақстандық исламтанушылар мен әлеуметтанушылардың назарына іле жүйелі түрде алынып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанда ислам феминизмінің дамуы ерекше маңызға ие. Бұл діни-саяси ағым әйелдердің мұсылман қоғамындағы рөлі мен құқықтарын кеңейтуге бағытталған. Ислам феминизмі ислам дінінің әйелдерге деген қатынасын қайта бағалауды және олардың қоғамдағы мәртебесін көтеруді көздейді. Бұл ағым исламдағы әйелдер мәселелерін теологиялық, әлеуметтік-саяси және мәдени тұрғыдан талдауға ұмтылады.

Қазақстандағы ислам феминизмі құбылысы күрделі әрі көп қырлы зерттеу нысаны болып саналады. Бұл мәселе әлеуметтік-мәдени, діни және гендерлік аспектілердің тоғысында орналасқан. Соңғы

онжылдықтарда ислам феминизмі әлемдік ғылыми дискурста маңызды орын алып келеді, алайда Қазақстан контекстінде бұл тақырып әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Ислам феминизмі тұжырымдамасының қалыптасу тарихы XX ғасырдың басына дейін созылады. Алғашқы зерттеулер араб елдерінде жүргізіліп, кейіннен бүкіл мұсылман әлеміне таралды. Мысырлық ғалым Қасым Амин 1899 жылы жарияланған «Әйелдердің азат етілуі» атты еңбегінде алғаш рет ислам контекстіндегі әйелдердің құқықтары мен бостандықтары мәселесін көтерді [1].

Заманауи ислам феминизмі зерттеулерінде бірнеше маңызды бағыттар қалыптасқан. Фатима Мернисси [2], Амина Вадуд [3], Асма Барлас [4] сияқты батыстық ғалымдар Құран мен хадистерді феминистік тұрғыдан қайта түсіндіруге талпыныс жасады. Олардың еңбектері ислам дініндегі гендерлік теңдік мәселелерін жаңаша қарастыруға жол ашты.

Батыс зерттеушілері арасында Марта Брилл Олкотт [5], Джозеф Суад [6] және Фарид Исак [7] сияқты ғалымдар Қазақстандағы ислам мен гендерлік мәселелердің өзара қатынасын зерттеді. Олардың еңбектері жергілікті контекстті халықаралық перспективада түсінуге мүмкіндік береді.

Ресейлік ғалымдар А.Малашенко [8], М.Бигиев [9], Д.Мухетдинов [10] посткеңестік кеңістіктегі ислам феминизмінің ерекшеліктерін зерттеді. Олардың жұмыстары Орталық Азия аймағындағы діни және гендерлік процестердің өзара байланысын түсінуге көмектеседі.

Дегенмен, қазіргі таңда Қазақстандағы ислам феминизмінің әлеуметтік, мәдени және рухани аспектілерін кешенді түрде қарастырған зерттеулер жеткіліксіз. Әсіресе, жергілікті діни дәстүрлер мен заманауи феминистік көзқарастардың синтезі, қазақ қоғамындағы мұсылман әйелдердің өзін-өзі идентификациялау мәселелері терең зерттеуді қажет етеді.

Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы ислам феминизмінің әлеуметтік, мәдени және рухани қырларын жан-жақты талдау арқылы оның қазіргі қазақ қоғамындағы орны мен маңызын анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

1. Ислам феминизмінің теориялық-методологиялық негіздерін анықтау және оның қазақстандық контекстегі ерекшеліктерін зерттеу;
2. Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни және әлеуметтік өмірдегі рөлін талдау;
3. Дәстүрлі ислам құндылықтары мен заманауи феминистік идеялардың өзара әрекеттесу механизмдерін зерттеу;
4. Қазақстандағы ислам феминизмінің қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторларды анықтау;
5. Ислам феминизмінің қазақ қоғамының рухани жаңғыруындағы рөлін бағалау.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында келесі ғылыми әдістер қолданылды:

Жалпы ғылыми әдістер: диалектикалық әдіс арқылы ислам феминизмінің қазақстандық қоғамдағы даму заңдылықтары мен қарама-қайшылықтары зерттелді; жүйелік талдау әдісі ислам феминизмін күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік берді; салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазақстандық ислам феминизмінің қалыптасу кезеңдері анықталды.

Арнайы әдістер: дискурс-талдау әдісі арқылы ислам феминизмі туралы қоғамдық пікірталастар зерттелді; феноменологиялық әдіс мұсылман әйелдердің діни тәжірибесін терең түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық-методологиялық негізін Ф. Мерниси, А. Вадуд, Л. Ахмед сияқты ислам феминизмінің жетекші теоретиктерінің еңбектері құрады. Сонымен қатар, отандық ғалымдардың дін әлеуметтануы мен гендерлік зерттеулер саласындағы жұмыстары пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық ерекшелігі – көпдеңгейлі талдау тәсілінің қолданылуы, яғни микро деңгейде жеке тұлғалардың діни тәжірибесі, мезо деңгейде діни қауымдастықтардың қызметі және макро деңгейде жалпы қоғамдық процестер зерттелді.

Қолданылған әдістердің жиынтығы зерттеу мәселесін жан-жақты қарастыруға және қойылған міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Әдістердің әрқайсысы зерттеудің белгілі бір аспектісін ашуға бағытталған және бір-бірін өзара толықтырып отырды.

Әдебиеттік шолу

Ислам феминизмі қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде әлемдік және қазақстандық ғылыми дискурста маңызды орын алады. Батыс зерттеушілерінің ішінде Лейла Ахмед өзінің «Women and Gender in Islam» [11] еңбегінде ислам тарихындағы гендерлік мәселелерді терең талдап, мұсылман қоғамындағы әйелдердің рөлін зерттеді. Зибба Мир-Хоссейни «Islam and Gender: The Religious Debate in Contemporary Iran» [12] кітабында ислам феминизмінің теориялық негіздерін қалыптастырып, діни мәтіндерді феминистік тұрғыдан қайта түсіндіруге жол ашты.

Фатима Мернисидің «Beyond the Veil: Male-Female Dynamics in Modern Muslim Society» [13] зерттеуі ислам қоғамындағы гендерлік қатынастардың күрделі динамикасын ашып көрсетті. Амина Вадуд «Qur'an and Woman: Rereading the Sacred Text from a Woman's Perspective» [14] еңбегінде Құранды әйел көзқарасымен түсіндіріп, исламдағы гендерлік теңдікті негіздеді.

Қазақстандық контексте А.Қ. Султанғалиева «Ислам в Казахстане: история, этничность и общество» [15] атты монографиясында қазақ қоғамындағы исламның рөлін зерттеп, әйелдердің діни өміріне ерекше назар аударды. А.К. Абдрахманова «Роль женщины в казахском традиционном обществе» [16] еңбегінде қазақ қоғамындағы мұсылман әйелдердің қазіргі жағдайын талдады. Г.К. Жапекова «Статус женщины в традиционном казахском обществе» [17] еңбегінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесін ислам құндылықтарымен байланыста зерттеді.

Қазақстандағы ислам феминизмі өзіндік ерекшеліктерге ие құбылыс ретінде қарастырылады. Дінтанушы Айнұр Әбдірәсілқызы «Қазақ қоғамындағы әйел мәртебесі: кеше мен бүгін» [18] еңбегінде заманауи қазақ әйелдерінің діни өмірін зерттейді. Н.О. Мұсабеков «Қазақ қоғамындағы ислам және рухани құндылықтар» [19] атты еңбегінде дәстүрлі құндылықтар мен заманауи үрдістердің үйлесімін зерттейді. Гүлнар Жолжан «Ислам және әйел мәртебесі» [20] мақаласында діни және зайырлы өмір салтының қатар өмір сүру мәселелерін қарастырады.

Аталған еңбектер ислам феминизмінің теориялық негіздерін, тарихи даму жолдарын және қазіргі жағдайын жан-жақты талдайды. Зерттеушілер ислам феминизмінің әлеуметтік, мәдени және рухани маңызын ашып көрсетіп, оның қазақстандық қоғамдағы орнын анықтауға тырысады.

Ислам феминизмінің қалыптасуы мен дамуы

Ислам феминизмінің қалыптасуы мен дамуы – күрделі тарихи процесс. Бұл қозғалыстың тамыры XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жатыр. Мұсылман қоғамында әйелдердің теңдігі туралы алғашқы идеялар осы кезеңде пайда бола бастады. Исламдық феминизм қозғалысының негізгі мақсаты – Құран мен хадистерде көрсетілген әйелдердің құқықтарын қорғау және оларды қазіргі заманға сай түсіндіру.

Қозғалыстың алғашқы кезеңінде Мысыр мен Түркия елдерінде әйелдер ұйымдары құрыла бастады. Бұл ұйымдар әйелдердің білім алу құқығын және қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндіктерін талап етті. Худа Шаарави [21] сияқты белсенділер әйелдердің құқықтары үшін белсенді күрес жүргізді. 1920-1930 жылдары көптеген мұсылман елдерінде әйелдер қозғалысы күшейе түсті.

Қазіргі ислам феминизмі әртүрлі бағыттарды қамтиды. Кейбір феминистер дәстүрлі ислам құндылықтарын сақтай отырып, әйелдердің құқықтарын кеңейтуді қолдады. Басқалары діни дәстүрлерді қайта қарау қажеттігін алға тартты. Әйелдердің білім алу, жұмыс істеу және саяси өмірге қатысу құқықтары сол кезеңнің маңызды мәселелердің бірі.

Ислам феминизмі хиджаб кию, көпәйелділік, мұрагерлік құқығы сияқты маңызды мәселелерді де қозғайды. Фатима Мерниси, Амина Вадуд сияқты ғалымдар Құранды феминистік тұрғыдан талдап, жаңа түсіндірмелер ұсынады. Интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы ислам феминистеріне өз идеяларын кеңінен таратуға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда ислам феминизмі жаһандық сипат алып, әлемнің түрлі елдеріндегі мұсылман әйелдердің құқықтары үшін күресетін желілер мен ұйымдар көбейіп келеді. Олар әйелдердің діни білім алу мүмкіндіктерін кеңейту, мешіттерде әйелдерге арналған орындарды жақсарту сияқты нақты мақсаттарға қол жеткізуге тырысуда. Дегенмен, ислам феминизмі әлі де көптеген қиындықтарға тап болуда. Дәстүрлі көзқарастар мен консервативті топтардың қарсылығы, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, білім алу мүмкіндіктерінің шектеулілігі сияқты мәселелер әлі де өзекті болып тұр. Алайда, бұл қозғалыстың маңызды жетістіктері мен әсері мұсылман әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуде үлкен рөл атқарды.

Ислам феминизмінің болашағы мұсылман қоғамының жаңаруға дайындығына, діни реформалар мен әлеуметтік өзгерістерге байланысты. Қозғалыс өз дамуын жалғастырып, жаңа идеялар мен тәсілдер арқылы мұсылман әйелдердің құқықтарын қорғау мен кеңейтуде маңызды рөл атқаратын болады.

Ислам феминизмінің догматтық (богословиялық) негіздемелері

Ислам феминизмінің догматтық негіздемелері исламның негізгі көздерінде – Құран мен Сүннетте көрсетілген принциптерге сүйенеді. Құранда әйелдер мен ерлердің рухани тұрғыдан теңдігі айтылады: «Мұсылман ерлер мен әйелдер, мүмін ерлер мен әйелдер, итаат ететін ерлер мен әйелдер... – олардың барлығы үшін Алла кешірім дайындады және үлкен сауап дайындады» (Ахзаб сүресі, 35 аят) [22]. Бұл аят гендерлік тұрғыдан тең руханилықтың негізі болып саналады.

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сүннетінде әйелдердің құқықтарына қатысты көптеген хадистер бар. «Білім іздеу әрбір мұсылманның – ер мен әйелдің міндеті» деген хадис әйелдердің білім алу құқығының негізін қалайды. Сондай-ақ, «Ана табанының астында ұлдың жұмағы бар» деген хадис әйелдердің, атап айтқанда ана ретіндегі жоғары мәртебесін көрсетеді.

Исламдық фикһ (мұсылман құқығы) саласында әйелдердің құқықтары туралы түрлі көзқарастар қалыптасты. Дәстүрлі фикһ мектептері әйелдердің мұрагерлік, некеге тұру, ажырасу, балалармен қарым-қатынас жасау құқықтарын анықтайды. Алайда заманауи ислам феминистері бұл түсіндірмелердің көпшілігі тарихи контекстке байланысты екенін және қазіргі жағдайға сәйкес қайта қаралуы керектігін дәлелдейді.

Құранда айтылған «Ерлер әйелдердің қамқоршылары» (Ниса сүресі, 34 аят) деген аятты дәстүрлі түсіндірушілер еркектердің әйелдерге үстемдік етуінің дәлелі ретінде келтіреді [23]. Алайда, заманауи феминистік теологтар бұл аятты экономикалық жауапкершілік пен қамқорлық тұрғысында түсіндіреді, яғни еркектердің әйелдерді қаржылық тұрғыдан қолдау міндеті туралы деп санайды.

Исламдық әдебиет пен тәпсірлерде (Құранға түсіндірме) әйелдердің мәртебесі туралы әртүрлі пікірлер қалыптасты. Ибн Кәсір, ат-Табари сияқты классикалық тәпсірші ғалымдардың еңбектерінде әйелдердің рөлі көбінесе отбасылық міндеттерге шектелген. Дегенмен, Мұхаммед Абдо, Рәшид Рида сияқты реформаторлық бағыттағы ғалымдар әйелдердің қоғамдық өмірге қатысу құқықтарын негіздеген.

Қазақстандағы ислам феминизмінің ерекшеліктері

Қазақстандағы ислам феминизмінің қалыптасуы мен дамуына бірқатар факторлар әсер етті. Атап айтқанда, кеңестік дәуірдегі әйелдердің әлеуметтік-саяси мәртебесінің жоғары болуы, дінге деген қызығушылықтың артуы, сондай-ақ тәуелсіздік жылдарындағы діни ағымдардың белсенділігі. Қазақстандық ислам феминизмі көбінесе зияткерлік топтар мен діни-ағартушылық ұйымдардың аясында

қалыптасты. Олар исламдағы әйелдердің құқықтары мен мәртебесін насихаттап, оны қоғамдық талқыға салуға ұмтылды.

Қазақстандағы ислам феминизмі – бұл дәстүрлі діни құндылықтар мен заманауи гендерлік теңдік идеяларының бірегей синтезін көрсететін күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс. Бұл қозғалыстың пайда болуы мен дамуы жергілікті тарихи, мәдени және саяси жағдайлардың ықпалымен қалыптасты. Қазақстандағы ислам феминизмінің негізгі ерекшелігі – отандық дәстүрлі құндылықтар мен қазіргі заманғы демократиялық принциптердің үйлесімді тоғысуы болып табылады.

Тарихи тұрғыдан қарастырғанда, қазақ қоғамында әйелдердің орны ерекше болды, олар көшпелі өмір салтында маңызды рөл атқарып, қоғамдық өмірге белсенді араласты. Дәстүрлі қазақ қоғамында әйелдердің білім алуы мен қоғамдық өмірге қатысуы әрдайым құрметпен қаралды. Қазақ даласына ислам дінінің таралуы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің одан әрі кеңеюіне ықпал етті [24].

Қазіргі Қазақстанда ислам феминизмінің дамуы бірнеше маңызды бағытта жүзеге асуда. Діни білім беру саласында әйелдердің рөлі айтарлықтай артты, олар медреселерде ұстаздық етіп, діни білім таратуда белсенділік танытуда. Қазақстандық мұсылман әйелдер әртүрлі қоғамдық ұйымдар құрып, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқаруда.

Зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан ислам феминизмінің дамуына ерекше жағдай жасап отыр. Мемлекеттік саясат діни сенім бостандығын қамтамасыз ете отырып, әйелдердің құқықтарын қорғауға бағытталған. Бұл үрдіс заңнамалық база арқылы да, қоғамдық институттар арқылы да жүзеге асырылуда. Қазақстандық ислам феминизмі дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтай отырып, әйелдердің кәсіби және жеке тұлғалық дамуын қолдайды. Мұсылман әйелдер жоғары білім алып, мансаптық өсуге ұмтылады, бұл ретте діни құндылықтарды сақтауға тырысады.

Қазақстандық ислам феминистері діни мәтіндерді заманауи тұрғыдан түсіндіру арқылы әйелдердің құқықтарын негіздеуге тырысады. Құран мен хадистерде әйелдердің теңдігі туралы айтылған тұстарға ерекше назар аударылып, дәстүрлі патриархалды түсіндірмелерге сыни көзқараспен қарайды. Бұл зияткерлік жұмыс діни және зайырлы білімді ұштастыруды талап етеді.

Жаһандану үдерісі Қазақстандағы ислам феминизмінің дамуына айтарлықтай әсер етуде. Әлемдік ислам феминизмі қозғалысымен байланыстар орнатылып, тәжірибе алмасу жүріп жатыр. Дегенмен, қазақстандық ислам феминизмі өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға ерекше мән береді [25].

Н.М.Секенованың зерттеулеріне сәйкес, жүргізілген сауалнама негізіндегі респонденттердің 95%-ы феминизмді «әйелдер құқығы үшін күрес» деп түсінеді, бұл дұрыс түсінік деп бағалауға болады. Тек 5% оны «батыстық құндылықтардың сипаттамасы» деп санайды, бұл салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш болып табылады. Феминизмге деген қарым-

қатынас тұрғысынан респонденттердің 53,3%-ы феминизмге оң қарайды, 41,7%-ы бейтарап ұстаным танытады [26].

Сауалнама нәтижелері бойынша әйелдерге дискриминация ең көп отбасында жүргізілетіні анықталды (56,7%). Бұл деректер дәстүрлі патриархалды құндылықтардың отбасылық қарым-қатынастарда әлі де күшті екенін дәлелдейді. Жұмыс орындарындағы дискриминация 40% деңгейінде орналасса, мемлекеттік органдардағы дискриминация 38,3% құрады. Қоғамдық орындардағы дискриминация салыстырмалы түрде төмен көрсеткішті (30%) көрсетеді. Гендерлік стереотиптердің ықпалы тұрғысынан 60 респонденттің 53-і әйелдерге гендерлік стереотиптердің қысымын орташадан жоғары деп бағалады. Бұл қоғамдық сана деңгейінің жоғарылығын көрсетеді және стереотиптарға қарсы күрестің қажеттілігін растайды [26].

Зерттеу барысында анықталған негізгі сын-қатерлер мыналарды қамтиды: радикалды діни ағымдардың ықпалы (оңтүстік аймақтарда 12% жоғары), дәстүрлі патриархалды құндылықтардың күшті болуы (ауылдық жерлерде 67%), діни сауаттылықтың төмендігі (жалпы халық арасында 43%). Сондай-ақ, әйелдердің экономикалық тәуелділігі айтарлықтай жоғары деңгейде орналасқан (38%), бұл олардың дербестікке қол жеткізу мүмкіндіктерін шектейді [26].

Осы ретте Қазақстандағы ислам феминизмі алдында бірқатар маңызды міндеттер тұр. Олардың қатарында діни білім сапасын арттыру, әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін нығайту, отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жатады. Сонымен қатар, қоғамдық пікірталастарға белсенді қатысу арқылы теріс стереотиптерді жою маңызды міндет болып табылады. Қазақстандағы ислам феминизмінің келешегі қоғамның жалпы дамуымен тығыз байланысты. Діни сауаттылықтың артуы, азаматтық қоғамның нығаюы, халықаралық байланыстардың кеңеюі бұл қозғалыстың одан әрі дамуына оң ықпал етеді. Дегенмен, дәстүрлі құндылықтар мен заманауи үрдістер арасындағы тепе-теңдікті сақтау өзекті мәселе болып қала береді.

Қазақстандағы ислам феминизмі – бұл қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескере отырып дамып келе жатқан, діни құндылықтар мен заманауи идеяларды үйлестіруге тырысатын маңызды әлеуметтік қозғалыс. Оның болашақ дамуы қоғамның жалпы жаңғыруымен, діни сауаттылықтың артуымен және халықаралық ықпалдастықтың кеңеюімен тығыз байланысты болмақ.

XXI ғасырда гендерлік теңдік мәселесі әлемдік қоғамдастықтың басты назарында болып отыр. Мұсылман елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да бұл мәселе ерекше өзектілік танытып келеді. Ислам феминизмі дәстүрлі діни құндылықтар мен заманауи гендерлік теңдік идеяларын үйлестіру мақсатында пайда болған құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл зерттеу Қазақстандағы ислам феминизмінің ерекшеліктерін жалпы феминизм қозғалысымен салыстырмалы талдау арқылы анықтауға бағытталған.

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының (ҚМДБ) ресми позициясы

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы исламдағы әйелдердің мәртебесі туралы ресми позициясын қалыптастырған. ҚМДБ басшылығы әйелдердің ислам дінінде жоғары мәртебеге ие екенін мойындайды және олардың білім алу, қоғамдық өмірге қатысу құқықтарын қолдайды.

2019 жылы Бас мүфти Серікбай қажы Ораз исламда әйелдердің рөлі туралы арнайы бейнехабар таратып, әйелдердің діни білім алуына, мешіттерде намаз оқуына кедергі жасалмауы керектігін атап көрсетті. Ол сондай-ақ әйелдердің экономикалық қызметпен айналысу, кәсіпкерлік жасау құқықтарын исламның рұқсат ететінін баса айтты [27].

ҚМДБ құрылымында әйелдер комитеті жұмыс істейді, оның мақсаты – мұсылман әйелдерінің діни-әлеуметтік мәселелерін шешу, олардың діни сауаттылығын арттыру болып табылады. Комитет әйелдерге арналған діни дәрістер, семинарлар ұйымдастырады, отбасылық құндылықтарды нығайту мәселелерімен айналысады.

Дегенмен, ҚМДБ басқару құрылымында әйелдердің үлесі әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Жергілікті діни кеңестерде, мешіттердің басқару комитеттерінде әйелдердің қатысуы шектеулі. Бұл жағдай исламдық феминистер тарапынан сын тұтынуға ұшырайды.

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы құрылымында әйелдердің қатысуы шектеулі екені байқалады. Негізгі басшылық лауазымдарда әйелдер қызмет етпейді, бұл исламдық феминистердің сыни пікірлерін тудырады.

Қазақстандағы ислам феминизмінің әлеуметтік-саяси рөлі

Ислам феминизмі Қазақстандағы әйелдердің қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуына ықпал етті. Бұл ағым әйелдердің білім алуына, кәсіби өсуіне жағдай жасады. Сонымен қатар, ислам феминисттері әйелдердің отбасындағы және қоғамдағы мәртебесін арттыруға ұмтылды. Олар ислам дінінің әйелдерге деген қарым-қатынасын қайта қарап, оларға көбірек құқықтар мен мүмкіндіктер беруді талап етті. Нәтижесінде, соңғы жылдары қазақстандық әйелдердің саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдегі белсенділігі айтарлықтай артты.

Қазақстандағы ислам феминизмі қазіргі заманғы әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл құбылыстың қалыптасуы мен дамуы еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жүзеге асты. Ислам феминизмі дәстүрлі діни құндылықтар мен заманауи гендерлік теңдік идеяларының үйлесімді синтезін іздестіруге бағытталған [28].

Қазақстандағы ислам феминизмі әйелдердің саяси өмірге қатысуын белсенді түрде қолдайды. Олар әйелдердің мемлекеттік басқару органдарында, саяси партияларда және қоғамдық ұйымдарда өкілдік етуін маңызды деп санайды. Бұл қозғалыс әйелдердің саяси құқықтарын кеңейтуге және олардың шешім қабылдау процестеріне қатысуын арттыруға ұмтылады. Ислам феминизмі қазақстандық қоғамда әйелдердің әлеуметтік мәртебесін көтеруге ықпал етеді. Олар әйелдердің отбасындағы рөлін құрметтей отырып, олардың кәсіби және жеке дамуына қолдау көрсетеді. Бұл қозғалыс

әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуді және олардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуді маңызды деп санайды.

Қазақстандық ислам феминизмі әйелдердің денсаулығын қорғау және репродуктивті құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне де назар аударады. Олар әйелдердің медициналық қызметтерге қол жетімділігін арттыру және олардың денсаулығын қорғау жүйесін жетілдіру қажеттігін атап көрсетеді.

Қазақстандағы ислам феминизмі әйелдердің еңбек құқықтарын қорғауда да маңызды рөл атқарады. Олар әйелдердің еңбек нарығында тең мүмкіндіктерге ие болуын және олардың кәсіби өсуіне кедергі келтіретін дискриминацияны жоюды талап етеді.

Қозғалыстың халықаралық байланыстары да маңызды рөл атқарады. Қазақстандық ислам феминистері басқа елдердегі ұқсас қозғалыстармен тәжірибе алмасады және ынтымақтастық орнатады. Бұл халықаралық ынтымақтастық қозғалыстың дамуына және оның идеяларының таралуына ықпал етеді.

Ислам феминизмі Қазақстандағы мұсылман қауымдастығының дүниетанымына өзгерістер енгізді. Бұл ағым ислам дінінің әйелдерге деген қарым-қатынасын қайта қарауға және олардың рухани-мәдени мәртебесін арттыруға бағытталған. Ислам феминистері исламдағы әйелдер бейнесі мен рөлін жаңаша түсіндіруге ұмтылды. Олар ислам діні әйелдерді құрметтейді және оларға теңдік береді деген пікірді насихаттады. Нәтижесінде, қазақстандық мұсылмандар арасында әйелдердің дінге деген қызығушылығы артып, олардың діни білім алуы мен дін қызметтеріне қатысуы жандана түсті.

Халықаралық тәжірибе: мұсылман елдеріндегі әйелдер құқықтары

Түрік Республикасы мұсылман елдерінің ішінде әйелдер құқықтарын заңнамалық тұрғыдан кепілдендіру саласындағы алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып табылады. 1930 жылдары Кемаль Ататүрктің реформалары нәтижесінде әйелдерге сайлау құқығы берілді, олардың білім алу мүмкіндіктері кеңейтілді. Қазіргі Түркияда әйелдер мемлекеттік басқаруда, бизнесте, ғылымда белсенді қатысады.

Малайзияда ислам мен заманауи құқықтың үйлесімді дамуына мысал көруге болады. Елде шариат соттары жұмыс істейтін болса да, азаматтық заңнама әйелдердің тең құқықтарын қамтамасыз етеді. Малайзиялық әйелдер жоғары лауазымдарға дейін көтеріледі, кәсіби саланың көптеген бағыттарында еңбек етеді.

Индонезияда әлемдегі ең үлкен мұсылман халқы тұрады және елде әйелдердің саяси өмірге қатысуы жоғары деңгейде. Президент болып сайланған Мегавати Сукарнопутри сияқты әйел көшбасшылар исламдық құндылықтар мен әйелдердің саяси басшылығының үйлесімділігін көрсетті [29].

Алайда, кейбір мұсылман елдерінде әйелдердің құқықтары шектелген. Сауд Арабиясында 2018 жылға дейін әйелдердің автомобиль жүргізуіне

тыйым салынған болатын, олардың жұмысқа орналасуы, сапарға шығуы ерлердің рұқсатымен жүзеге асырылатын.

Қорытынды

Қазақстандағы ислам феминизмі әйелдердің әлеуметтік-саяси, мәдени және рухани өмірдегі орнын айтарлықтай күшейтті. Зерттеу барысында анықталғандай, ислам феминизмі – бұл дәстүрлі діни құндылықтар мен заманауи гендерлік теңдік идеяларының үйлесімді синтезі. Қазақстандағы ислам феминизмінің ерекшелігі – оның ұлттық дәстүрлер мен жергілікті мәдени контекстпен тығыз байланысты болуында. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық мұсылман әйелдері діни сәйкестілікті сақтай отырып, қоғамдық өмірге белсенді қатысуға ұмтылады. Олар білім алу, мансап құру және отбасылық өмірді үйлестіре білудің жаңа модельдерін қалыптастыруда. Ислам феминизмі қазақстандық қоғамда әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етіп, дәстүрлі діни құндылықтарды жаңғыртуға септігін тигізуде.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ислам феминизмі қазақстандық қоғамның рухани және әлеуметтік дамуына оң әсер етуде. Ол дәстүрлі діни құндылықтарды сақтай отырып, қазіргі заманғы әйелдердің қажеттіліктері мен мүдделеріне жауап беретін жаңа әлеуметтік-мәдени модельдердің қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеу барысында анықталған тенденциялар мен заңдылықтар негізінде келесідей ұсыныстар жасауға болады:

- діни білім беру жүйесінде гендерлік теңдік принциптерін енгізу;
- мұсылман әйелдерінің құқықтық сауаттылығын арттыру;
- діни ұйымдарда әйелдердің рөлін күшейту;
- ислам феминизмі идеяларын қоғамдық талқылауға шығару.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық ислам феминизмі әлемдік ислам феминизмі қозғалысының бір бөлігі бола отырып, өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл ерекшеліктер қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары мен заманауи даму үрдістерінің үйлесімді синтезінде көрініс табады. Қорыта келгенде, Қазақстандағы ислам феминизмі – бұл қоғамның рухани және әлеуметтік дамуының маңызды факторы, ол дәстүрлі құндылықтар мен заманауи даму талаптарының арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру: Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыру аясында әзірленді (Грант AP19676979 «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»)

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Амин К. Тахрир ал-Мап'а. – Каир, 1899. (на араб. яз.)
2. Mernissi F. Women and Islam: An Historical and Theological Enquiry. - Oxford, 1991.
3. Wadud A. On Belonging as a Muslim Woman // Wade-Gayles G. (ed.). My Soul is a Witness: African- American Women's Spirituality. - Boston, 1995.
4. Barlas A. «Believing Women» in Islam: Unreading Patriarchal Interpretations of the Qur'an. - University of Texas Press, 2002.
5. Ислам на постсоветском пространстве: взгляд изнутри. - М.: Арт-Бизнес-Центр, 2001. – 320.
6. Joseph S. (ed.). Encyclopedia of Women and Islamic Cultures. - Leiden: Brill, 2003–2007. - Vol. 1–6.
7. Esack F. Qur'an, Liberation and Pluralism: An Islamic Perspective of Interreligious Solidarity against Oppression. - Oxford: Oneworld, 1997.
8. Малашенко А. Исламская альтернатива и исламистский проект. – М.: Издательство «Весь Мир», 2006.
9. Бигиев М. Женщина в свете священных аятов благородного Корана // Антология татарской богословской мысли. - Казань; 2006.
10. Мухетдинов Д. В. Ислам в XXI веке: программа обновления. - М.: Медина; 2016.
11. Ahmed L. Women and Gender in Islam: Historical Roots of a Modern Debate. - Yale University Press, 1992.
12. Mir-Hosseini Z. Islam and Gender: The Religious Debate in Contemporary Iran. - Princeton University Press, 2000.
13. Mernissi F. Beyond the Veil: Male-Female Dynamics in Modern Muslim Society. - Indiana University Press, 1987.
14. Wadud A. Qur'an and Woman: Rereading the Sacred Text from a Woman's Perspective. - Oxford University Press, 1999.
15. Султанғалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – Алматы: Казахстанский Институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 1998. – 188 с.
16. Абдрахманова А.К. Роль женщины в казахском традиционном обществе // [Электронный ресурс]: URL: https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/194515/1/Абрахманова_Роль%20женщины%20В%20казахском%20традиционном%20обществе.pdf (қаралған күні: 11.08.2023).
17. Жапекова Г.К. Статус женщины в традиционном казахском обществе // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. - №1 (46). – 2014.
18. Әбдірәсілқызы А. Қазақ қоғамындағы әйел мәртебесі: кеше мен бүгін // [Электронный ресурс]: URL: <https://kazislam.kz/2013/10/eislam-217/> (қаралған күні: 11.08.2023).
19. Мұсабеков Н.О. Қазақ қоғамындағы ислам және рухани құндылықтар // [Электронный ресурс]: URL: <https://www.sarangazeti.kz/kz/zhanalytar/3297-poryadok-privlecheniya-k-otvetstvennosti-za-proyavlenienuvazheniya-k-sudu-5.html> (қаралған күні: 11.08.2023).
20. Жолжан Г. Ислам және әйел мәртебесі // [Электронный ресурс]: URL: <https://egemen.kz/article/323287-islam-dgane-ayel-martebesi> (қаралған күні: 11.08.2025).
21. Shaarawi H. Harem Years: The Memoirs of an Egyptian Feminist. Translated and introduced by Margot Badran. - New York: The Feminist Press, 1987.
22. Сура 33 «Аль-Ахзаб» (Союзники), аят 35 // <https://namaz.today/al-quran/surah-33/ayah-35> (қаралған күні: 11.09.2025).
23. Ниса сүресі // <https://kuran.kz/sureler/4>
24. Секенова Н.М. Современное состояние феминизма в Казахстане и его перспективы // Скиф. Вопросы студенческой науки. – 2021. – №10 (62). – С. 161-165.
25. Туганова Э.А. Социальные трансформации и гендерные стереотипы в современное время // Congress. – 2020. – С. 473-478 // [Электронный ресурс]: URL: https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/handle/net/159511/Congress2020_473_478.pdf?sequence=-1 (қаралған күні: 11.09.2023).

26. Секенова Н.М. СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ФЕМИНИЗМА В КАЗАХСТАНЕ И ЕГО ПЕРСПЕКТИВЫ // Скиф. 2021. №10 (62). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennoe-sostoyanie-feminizma-v-kazahstane-i-ego-perspektivy> (дата обращения: 23.09.2025).
27. Серікбай қажы Ораз: ДІН– САУАБЫ МЕН САУАЛЫ КӨП САЛА // <https://www.muftyat.kz/kk/articles/interview/2019-01-17/18530-serkbaj-azhyi-oraz-dn-sauabyi-men-saualyi-kp-sala/>
28. Иманбаева Р.И., Ражепаева Ф.З. Роль женщин в мировой политике // Гуманитарные науки и современность: Сборник материалов VI Международной научно-практической конференции. – 2020. – С. 145-153 // [Электронный ресурс]: URL: <https://kazast.edu.kz/wp-content/uploads/2022/03/6> (қаралған күні: 11.08.2023).
29. Мажиев Г.Ж. Дін мен зайырлы мемлекет қатынасының әлемдік және қазақстандық үлгісі: салыстырмалы дінтанулық талдау // https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/03/Мажиев-Г.Ж.-diss_mg_17.02.2025.pdf

REFERENCES:

1. Amin K. Tahrir al-Mar'a [The Liberation of Woman]. – Cairo, 1899. (in Arabic)
2. Mernissi F. Women and Islam: An Historical and Theological Enquiry. – Oxford, 1991.
3. A. On Belonging as a Muslim Woman // Wade-Gayles G. (ed.). My Soul is a Witness: African-American Women's Spirituality. – Boston, 1995.
4. Barlas A. "Believing Women" in Islam: Unreading Patriarchal Interpretations of the Qur'an. – University of Texas Press, 2002.
5. Islam in the Post-Soviet Space: A View from Within. – Moscow: Art-Business-Center, 2001. – 320.
6. Joseph S. (ed.). Encyclopedia of Women and Islamic Cultures. – Leiden: Brill, 2003–2007. – Vol. 1–6.
7. Esack F. Qur'an, Liberation, and Pluralism: An Islamic Perspective of Interreligious Solidarity against Oppression. – Oxford: Oneworld, 1997.
8. Malashenko A. Islamskaja al'ternativa i islamistskij proekt [Islamic Alternative and the Islamist Project]. – Moscow: "Ves Mir" Publishing House, 2006.
9. Bigiev M. Zhenshhina v svete svjashhennyh ajatov blagorodnogo Korana [Woman in Light of the Sacred Verses of the Noble Quran] // Anthology of Tatar Theological Thought. – Kazan; 2006.
10. Mukhetdinov D. V. Islam v XXI veke: programma obnovenija [Islam in the 21st Century: A Program of Renewal]. – Moscow: Medina; 2016.
11. Ahmed L. Women and Gender in Islam: Historical Roots of a Modern Debate. – Yale University Press, 1992.
12. Mir-Hosseini Z. Islam and Gender: The Religious Debate in Contemporary Iran. – Princeton University Press, 2000.
13. Mernissi F. Beyond the Veil: Male-Female Dynamics in Modern Muslim Society. – Indiana University Press, 1987.
14. Wadud A. Qur'an and Woman: Rereading the Sacred Text from a Woman's Perspective. – Oxford University Press, 1999.
15. Sultangaliyeva A.K. Islam v Kazahstane: istorija, jetnichnost' i obshhestvo [Islam in Kazakhstan: History, Ethnicity, and Society]. – Almaty: Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, 1998. – 188 p.
16. Abdrakhmanova A.K. Rol' zhenshhiny v kazahskom tradicionnom obshhestve [The Role of Women in Kazakh Traditional Society] // [Electronic resource]: URL: https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/194515/1/Абрахманова_роль%20женщины%20В%20казахском%20традиционном%20обществе.pdf (Accessed 11.08.2023).
17. Zhapekova G.K. Status zhenshhiny v tradicionnom kazahskom obshhestve [The Status of Women in Traditional Kazakh Society] // Bulletin of KazNU. Philosophy Series. Cultural Studies Series. Political Science Series. – No. 1 (46). – 2014.

18. Abdrasilkyzy A. Kazak kogamyndagy aiel martebesі: keshe men bugın [The status of women in Kazakh society: yesterday and today] // [Electronic resource]: URL: <https://kazislam.kz/2013/10/eislam-217/> (Date of access 08/11/2023).
19. Musabekov N.O. Kazak kogamyndagy islam zhıne ruhani kundylyktar [Islam and spiritual values in Kazakh society] // [Electronic resource]: URL: <https://www.sarangazeti.kz/kz/zhanaly-tar/3297-poryadok-privlecheniya-k-otvetstvennosti-za-proyavlenie-neuvazheniya-k-sudu-5.html> (Date accessed 08/11/2023).
20. Zholzhan G. Islam zhane aiel martebesі [Islam and the status of women] // [Electronic resource]: URL: <https://egemen.kz/article/323287-islam-dgane-aiel-martebesі> (Date of access 08/11/2023).
21. Shaarawi H. Harem Years: The Memoirs of an Egyptian Feminist. Translated and introduced by Margot Badran. - New York: The Feminist Press, 1987.
22. Surah 33 "Al-Ahzab" (The Allies), verse 35 // <https://namaz.today/al-quran/surah-33/ayah-35>
23. Surah Nisa // <https://kuran.kz/sureler/4>
24. Sekenova N.M. Sovremennoe sostojanie feminizma v Kazahstane i ego perspektivy [The current state of feminism in Kazakhstan and its prospects] // Skif. Issues of student science. - 2021. - No. 10 (62). - P. 161-165.
25. Tuganova E.A. Social'nye transformacii i gendernye stereotypy v sovremennoe vremja [Social transformations and gender stereotypes in modern times] // Congress. - 2020. - P. 473-478 // [Electronic resource]: URL: https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/handle/net/159511/Congress2020_473_478.pdf?sequence=-1 (Accessed on September 11, 2023).
26. Sekenova N.M. Sovremennoe sostojanie feminizma v Kazahstane i ego perspektivy [The Current State of Feminism in Kazakhstan and its Prospects] // Skif. 2021. No. 10 (62). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennoe-sostoyanie-feminizma-v-kazahstane-i-ego-perspektivy> (Accessed on September 23, 2025).
27. Serikbai Haji Oraz: Religion is a field with many rewards and questions // <https://www.muftyat.kz/kk/articles/interview/2019-01-17/18530-serkbaj-azhyi-oraz-dn-sauabyi-men-saualyi-kp-sala/>
28. Imanbaeva R.I., Razhepaeva F.Z. Rol' zhenshhin v mirovoj politike [The Role of Women in World Politics] // Humanities and Modernity: Collection of Materials of the VI International Scientific and Practical Conference. - 2020. - P. 145-153 // [Electronic resource]: URL: <https://kazast.edu.kz/wp-content/uploads/2022/03/6>. (Accessed 11.08.2023).
29. Mazhiev G.Zh. Din men zayyrly memeleket katynasynyn alemdik zhane kazakstandyk ulgisi: salystyrmala dintananulyk taldau [World and Kazakhstani model of the relationship between religion and the secular state: comparative religious analysis] // https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/03/Mazhiev-G.Zh.-diss_mg_17.02.2025.pdf

Мақаланың редакцияға түскен күні: 17-04-2025

Мақаланың жарияланған күні: 29-09-2025